

Бағалы қағаздар және (немесе) номиналды ұстау бойынша брокерлік қызметтер көрсету туралы шарттың үлгілік нысаны

Бекітілген

«Jusan Bank» АҚ Басқарамасымен
(202_ж. «__» _____ №__ хаттамасы)

«Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесімен
(202_ж. «__» _____ №__ хаттамасы)

Бағалы қағаздар және (немесе) номиналды ұстау бойынша брокерлік қызметтер көрсету туралы №__ Шарт

Алматы қ.

20__ж. «__» _____.

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Банк» деп аталады, оның атынан _____ негізінде іс-әрекет ететін, _____ бір тараптан, және

занды тұлға жағдайында

_____, бұдан әрі «Клиент» деп аталады, [оның атынан _____ негізінде іс-әрекет ететін _____,] екінші тараптан, жеке тұлға жағдайында

_____, бұдан әрі «Клиент» деп аталады, екінші тараптан, бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жеке жоғарыда көрсетілгендей немесе «Тарап» деп аталып, осы төмендегілер туралы Бағалы қағаздар және (немесе) номиналды ұстау бойынша брокерлік қызметтер көрсету шартын (бұдан әрі — Шарт) жасады.

1. ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮСІНІКТЕР

1.1. Санкциялық режимдер — әрекеті Банкке және оның Клиентіне, Клиентпен байланысты тұлғаға, Операция қатысушысына қолданылатын, оның ішінде, бірақ онымен шектелмейтін FATF, OFAC, БҰҰ-ны қоса алғанда, шетелдік/халықаралық/ұлттық органдармен/ұйымдармен кез келген елдің юрисдикциясына сәйкес салынған санкциялар немесе шектеулер Клиенттің, Операция қатысушының, Клиентпен байланысты тұлғаның тіркелген және (немесе) орналасқан елімен жасалатын операциялар, тауарлардың (оның ішінде өнімдердің, технологиялардың, бағдарламалық жасақтаманың, зияткерлік және өзге де меншіктің), жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің түрі, және (немесе) операция жүргізілген ел, сондай-ақ аталған тізімдердегі елдерге (елдерден) тұлғаларға/тұлғалар арқылы/жүргізілетін төлемдер, операцияны жүзеге асыру кезінде қолданылатын өзге де ықтимал санкциялар мен шектеулер және басқа да бар/ықтимал шектеулер;

1.2. Клиентпен байланысты тұлға — Клиентпен байланысты тұлға, оның ішінде бенефициарлық меншік иесі/өкіл/акционер/қатысушы/құрылтайшы/лауазымды тұлға/өзге уәкілетті тұлғалар/бас, еншілес және қауымдасқан ұйым/Клиентпен, оның ішінде шарттық қатынастар негізінде байланысты өзге тұлға;

1.3. Операция қатысушысы — бенефициар, бенефициар банкі, делдал банк, корреспондент банк, көрсетілген тұлғаларға бақылауды жүзеге асыратын өзге тұлға, оның ішінде шарттық қатынастар негізінде операцияға өзге қатысушы.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Шарттың талаптары бойынша Клиент тапсырады және төлейді, ал Банк Клиент берген тапсырмалардың негізінде бағалы қағаздармен (қаржы құралдарымен), оның ішінде халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында өз атынан және/немесе Клиенттің атынан мәмілелер жасайды және Клиентке оған тиесілі бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметтерін көрсетеді.

- 2.2. Шарт шеңберінде «бағалы қағаздар» (қаржы құралдары) деп Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес брокерлік қызмет шеңберінде мәмілелер жасасуға құқылы қаржы құралдары түсініледі.
- 2.3. Шарт шеңберінде «халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығы» деп ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы да, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы да түсініледі.
- 2.4. Бағалы қағаздарды (қаржы құралдарын) және Клиентке тиесілі ақшаны есепке алуды және сақтауды жүзеге асыру үшін Банк Шарт жасалғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиент барлық қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда Клиентке ашады:
- 2.4.1. бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын (ақшадан басқа) есепке алуға және сақтауға арналған номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шот;
- 2.4.2. Клиенттің ақшасын есепке алуға және сақтауға арналған номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шот;
- 2.4.3. «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ есепке алу жүйесіндегі Клиенттің қосалқы шоты (бұдан әрі — Орталық депозитарий);
- 2.4.4. Клиенттің ақшасын есепке алу және сақтау үшін теңгедегі/шетел валютасындағы банктік (ағымдағы) шот. Ағымдағы шот банктік шот ашуға арналған тиісті шарт негізінде ашылады.
- 2.5. Халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында операциялар жасау қажеттілігі туындаған жағдайда, Банк Шарттың 2.4-тармағында көрсетілген шоттардан басқа Клиентке шетелдік депозитарийде немесе шетелдік кастодиан банкінде шоттар ашады.
- 2.6. Клиент Банкке Клиенттің жеке шотындағы Клиенттің бағалы қағаздарының номиналды ұстаушысы болу құқығын береді.

3. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

- 3.1. Клиент Банкке тиісті түрде ресімделген тапсырмаларды мына түрде ұсынады:
- 3.1.1. Клиенттік тапсырыс (бағалы қағаздармен мәміле жасау ниеті болған жағдайда);
- 3.1.2. Бағалы қағаздармен және ақшамен операциялар, ақпараттық операциялар жасауға бұйрықтар.
- 3.2. Бағалы қағаздармен операциялар жасауға немесе ақпараттық операциялар жасауға арналған тапсырмалардың стандартталған нысаны болмаған жағдайда Клиент еркін нысанда жасалған жазбаша өкім ұсынады.
- 3.3. Клиент клиенттік тапсырыстарды, бұйрықтарды немесе өкімдерді уәкілетті тұлға қол қойған және Клиенттің мөрімен (бар болса) расталған 2 (екі) данада жібереді. Банк қызметкері тиісті түрде тіркеген клиенттік тапсырыстың, бұйрықтың немесе өкімнің екінші данасы Банктің ішкі құжаттарына сәйкес барлық деректемелер расталғаннан кейін Клиентке қайтарылады.
- 3.4. Шарт шеңберінде Клиент Банкке келесіні ұсынады:
- 3.4.1. Шартқа № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке шотты ашуға/жеке шотты жабуға/клиент туралы мәліметтерді өзгертуге клиенттік бұйрық;
- 3.4.2. Шартқа № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға/сатуға клиенттік тапсырыс;
- 3.4.3. Шартқа № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша «репо» және (немесе) «кері репо» операцияларына клиенттік тапсырыс;
- 3.4.4. Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы құралдарын есептен шығаруға/есептеуге клиенттік бұйрық;
- 3.4.5. Шартқа № 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы құралдарына бұғаттау/бұғаттан шығару/ауыртпалықтар/ауыртпалықтарды алу операцияларын тіркеуге клиенттік бұйрық;
- 3.4.6. Шартқа № 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік құжаттарды беруге клиенттік бұйрық;
- 3.4.7. Шартқа № 7 қосымшаға сәйкес Клиенттің Банкке Клиенттің жеке шотын ашу үшін ұсынатын құжаттарының тізбесі.
- 3.5. Шартқа қол қойылған күні Клиент Шартқа № 7 қосымшаға сәйкес құжаттарды және телефон нөмірлерінің тізімін ұсынады:

а) заңды тұлға жағдайында — Шартта белгіленген жағдайларда Клиенттің Банкке клиенттік тапсырмаларды жібергенін, сондай-ақ, оларда көрсетілген мәмілелер/операциялар параметрлерін растау/теріске шығару мақсатында Банктің сауда бөлімшесінің қызметкерлерімен телефон арқылы Клиенттің атынан сөйлесуге уәкілетті Клиент қызметкерлерінің (ТАӘ және лауазымын көрсете отырып) телефон нөмірлерінің тізімі;

ә) жеке тұлға жағдайында — Клиент не оның өкілінің телефон нөмірлерінің тізімі.

Жоғарыда көрсетілген телефон нөмірлерінің тізімі өзгерген жағдайда, Клиент тізімге өзгерістер енгізілген күні Клиент Шартта белгіленген жағдайларда Клиенттің Банкке клиенттік тапсырмаларды жібергенін, сондай-ақ, оларда көрсетілген мәмілелер/операциялар параметрлерін растау/теріске шығару мақсатында Банктің сауда бөлімшесінің қызметкерлерімен телефон арқылы Клиенттің атынан сөйлесуге уәкілетті Клиент қызметкерлерінің жаңа телефон нөмірлерінің тізімін қоса тіркеп, Банкке тиісті жазбаша хабарламаны жібереді.

3.6. Бұл ретте Клиент көрсеткен телефон нөмірлері бойынша жауап беретін кез келген тұлға Клиенттің Банкке клиенттік тапсырмаларды жібергенін, сондай-ақ оларда көрсетілген мәмілелер/операциялар параметрлерін растау/теріске шығару мақсаттары үшін Клиенттің атынан Банктің сауда бөлімшесінің қызметкерлерімен телефон арқылы сөйлесуге уәкілетті тұлға болып танылады. Клиент көрсеткен телефон нөмірлері бойынша жауап беретін тұлғалардың өкілеттіктері Банк тарапынан тексеруді және (немесе) Клиент тарапынан растауды талап етпейді.

3.7. Шарт шеңберіндегі клиенттік тапсырмалар заңнама мен Банктің талаптарына сәйкес міндетті түрде жазбаша түрде жасалуға, оларға Клиент немесе оның уәкілетті тұлғасы қол қоюға тиіс және Банкке қолма-қол берілуі мүмкін (мұндай клиенттік тапсырмалар заңды тұлға клиентінің мөрімен (болған жағдайда) немесе электрондық байланыстың қорғалған арнасы бойынша Интернет-банкинг арқылы электрондық тәсілмен Клиенттің/оның уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен бекітілген электрондық құжатты Банктің мекенжайына жіберу арқылы бекітілуге тиіс).

3.8. Шарт шеңберінде бағалы қағаздарды сатып алуға/сатуға клиенттік тапсырыс Клиенттің бағалы қағаздарын номиналды ұстаушы ретінде бір мезгілде Клиенттің жеке шотына тиісінше бағалы қағаздарды есепке алуға/есептен шығаруға Клиенттің Банкке бұйрығы ретінде қызмет етеді.

3.9. Клиенттің бағалы қағаздарымен мәмілелерді тіркеу Банктің номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі Клиенттің жеке шоты және Орталық депозитарийдің/шетелдік депозитарийдің немесе кастодиан банкінің есепке алу жүйесіндегі Клиенттің қосалқы шоты бойынша жүзеге асырылады. Клиенттің бағалы қағаздар жөніндегі құқықтары мәмілені/операцияны Клиенттің қосалқы шоты бойынша Орталық депозитарийде/кастодианда тіркеген және мәмілені/операцияны номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркеген кезден бастап туындайды. Шартқа № 8 қосымшаға сәйкес номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі Клиенттің жеке шотынан үзінді көшірме Клиенттің бағалы қағаздарға құқығын растау болып табылады. Клиент Шарттың 4.2-тармағының 4.2.2-тармақшасына сәйкес Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде Клиенттің қосалқы шотынан үзінді көшірмені алуға құқылы.

3.10. Банк клиенттік тапсырысты орындағаннан кейін Банк Орталық депозитарийден/шетелдік депозитарийден немесе кастодиан банкінен жүргізілген операция туралы растауды алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентке Шартқа № 9 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша түрде клиенттік Тапсырыстың орындалуы туралы есепті қолма-қол және (немесе) қорғалған арна бойынша Интернет-банкинг арқылы электрондық тәсілмен ұсынады.

3.11. Клиенттің бағалы қағаздары бойынша кіріс түсімдерін (бағалы қағаздарды өтеуден және/немесе сатудан алынған және/немесе борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйақы (купон) ретінде алынған және/немесе Банктің клиенттік тапсырысты орындамауына байланысты Клиенттің жеке шотындағы ақша) Банк Клиенттің жеке шотына есептейді.

3.12. Мәміле жасалғанын растау бойынша келіспеген немесе даулар болған жағдайда Клиент оны алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке мұндай келіспеушілік туралы жазбаша түрде хабарлайды. Олай болмаған жағдайда, мәміле жасалғаны туралы растауды Клиент қабылдаған болып есептеледі.

3.13. Егер мұндай мәмілені орындау мүдделер қақтығысының туындауына әкеліп соғатын болса, Банк Клиентке қаржы құралдарымен мәміле жасау туралы ұсынымдар бере алмайды.

3.14. Сот шешімі бойынша Клиенттің қаржы құралдарына қатысты және/немесе осындай шешім қабылдауға уәкілетті өзге мемлекеттік органның шешімі негізінде Банк бір жақты тәртіппен Клиенттің жеке шоты бойынша операциялар жасауды тоқтата тұрады, сондай-ақ, Клиенттің бағалы қағаздары бойынша өзгерістерді және/немесе құқықтардың тоқтатылуын тіркеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір мезгілде жазбаша түрде жүргізіп, бұл туралы Клиентке хабарлайды.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Клиенттің міндеттері:

4.1.1. Банктің Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде Клиенттің жеке шотының және Клиенттің қосалқы шотының шартына қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ашуы үшін Банкке Шартқа № 7 қосымшаға сәйкес құжаттар ұсыну. Халықаралық (шетелдік) қаржы нарықтарында қаржы құралдарымен мәмілелер жасау қажет болған кезде Клиент Шартқа № 7 қосымшада көрсетілген құжаттардан басқа Банк сұратқан шетелдік депозитарийден немесе кастодиан банкінен шоттар ашу үшін қажетті өзге құжаттарды ұсынады;

4.1.2. Шарттың 3-бөлімінде көрсетілген тәртіпте және шарттарда Банкке клиенттік тапсырмаларды беру;

4.1.3. Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздарды сатып алу мақсаттары үшін: аукционды өткізу күні Астана қаласының уақытымен сағат 10-00-ге дейін аукционда бағалы қағаздарды сатып алуға клиенттік тапсырыстарды беру; қайталама нарықта операцияларды жүргізуге клиенттік тапсырыстар — мәміле жасасу күні Астана қаласының уақытымен сағат 10-00-ге дейін;

4.1.4. Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздарды сатып алу мақсаттары үшін: бағалы қағаздарды сатып алуға клиенттік тапсырысты ұсынған кезде бағалы қағаздарды сатып алу үшін қажетті мөлшердегі ақша сомасын аукцион өткізілетін күні сағат 10-00-ге дейін (Астана қаласының уақыты), қайталама нарықта — операция жүргізілетін күні сағат 10-00 дейін (Астана қаласының уақыты) қамтамасыз ету;

4.1.5. Клиент аударатын ақша сомасы бағалы қағаздарды сатып алуға клиенттік тапсырысты орындағаны үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақы сомасын қамтуға тиіс;

4.1.6. Клиенттің жеке шотындағы бағалы қағаздардың оң қалдығы шегінде ғана бағалы қағаздарды сатуға клиенттік тапсырыстарды беру;

4.1.7. осындай мәліметтерді жария етуге Банк жазбаша келісім берген жағдайды қоспағанда, Шартқа байланысты алынған мәліметтердің құпиялылығын сақтау;

4.1.8. Шарттың 5-бөлімінде белгіленген тәртіппен және талаптарда Шарт бойынша Банктің қызметтеріне ақы төлеуді уақтылы жүргізу;

4.1.9. Клиент атынан құжаттарға қол қоюға уәкілетті тұлғалардың тізімі өзгерген жағдайда, олар өзгерген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке қолтаңба үлгілері бар (солардың ішінде Клиент атынан құжаттарға қол қою құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің қолтаңба үлгілері бар) нотариус куәландырған жаңартылған құжатты және заңды тұлға мөрінің (бар болса) бедерін, жеке тұлғаның немесе оның өкілінің жеке куәландыру құжаттарын, сондай-ақ ашық және жабық кілттерді, осындай тұлғаларға арналған тіркеу куәліктері үшін қажет болатын өзге де құжаттарды ұсыну;

4.1.10. жеке шоттағы Клиенттің мәліметтері өзгерген жағдайда Банкке Шартқа № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттік бұйрықты және Шарттың 3.4-тармағында көзделген тәртіппен олар өзгерген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсыну;

4.1.11. Шартқа қол қойылған күні Шартта белгіленген жағдайларда Клиенттің Банкке клиенттік тапсырмаларды жібергенін, сондай-ақ, оларда көрсетілген мәмілелер/операциялар параметрлерін растау/теріске шығару мақсатында Банктің сауда бөлімшесінің қызметкерлерімен телефон арқылы Клиенттің атынан сөйлесуге уәкілетті Клиент қызметкерлерінің (ТАӘ және лауазымын көрсете отырып) телефон нөмірлерінің тізімін, жеке тұлға жағдайында — Клиент немесе оның өкілінің телефон нөмірлерінің тізімін Банкке ұсыну. Клиент тізімге өзгерістер енгізілген күні Банкке Клиенттің атынан Банктің сауда бөлімшесінің қызметкерлерімен телефон арқылы сөйлесуге уәкілетті Клиент қызметкерлерінің телефон нөмірлерінің жаңа тізімін қоса бере отырып, тиісті жазбаша хабарлама жібереді;

4.1.12. Шартқа № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарын сатып алу/сату бойынша мәміле жасалған күні Астана қаласының уақытымен сағат 12-00-ге дейін халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында операциялар жүргізуге клиенттік тапсырыстарды беру;

4.1.13. халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарын сатып алуға клиенттік тапсырысты ұсынған күні Астана қаласының уақытымен сағат 12-00-ге дейін Банктің комиссиялық сыйақы сомасын ескере отырып, Клиенттің жеке шотында қаржы құралдары сатып алынатын Банктің клиенттік тапсырысты шетелдік валютада орындауы үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз ету;

4.1.14. Банкке операциялар жүргізу үшін негіз болып табылатын құжаттарды (мәліметтерді), сондай-ақ, қаржылық мониторингтің бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында қызметтер көрсету кезінде операцияларды қосымша зерделеу үшін Банкке қажетті өзге де құжаттарды (мәліметтерді) уақытылы ұсыну.

4.2. Клиенттің құқықтары:

4.2.1. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес Банкке клиенттік тапсырмаларды қолма-қол немесе Интернет-банкінг арқылы (Шартта көзделген тәртіппен) электрондық түрде беру;

4.2.2. Орталық депозитарийден Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және шарттарда Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі Клиенттің қосалқы шотының жай-күйі туралы үзінді көшірмелер алу.

4.3. Банктің міндеттері:

4.3.1. Клиентке Шартта көзделген тәртіпте және талаптарда Шарттың 2.4-тармағында көрсетілген шоттарды ашу;

4.3.2. Клиенттің Шартқа №1 - №6 қосымшаларға сәйкес рәсімделген клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды қабылдау;

4.3.3. клиенттік тапсырмаларды (тапсырыстарды/бұйрықтарды) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта және/немесе клиенттік тапсырмаларда белгіленген мерзімде орындау (егер мұндай мерзімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленбесе);

4.3.4. Клиентке Шарттың 3.10-тармағында көзделген мерзімде клиенттік тапсырыстың орындалуы туралы есеп беру;

4.3.5. Шарттың 4.4-тармағының 4.4.3 және 4.4.4 тармақшаларында берілген негіздер бойынша клиенттік тапсырыстар орындалмаған жағдайда, Клиентке орындалмау себебін көрсетумен клиенттік тапсырыстың орындалмағаны туралы хабарламаны (еркін нысанда) жазбаша түрде поштамен және (немесе) қолма-қол тәсілмен және (немесе) электрондық поштамен және (немесе) өзге де ықтимал байланыс түрлерімен 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберу;

4.3.6. Клиентке Шартқа № 6 қосымшаға сәйкес клиенттік бұйрықтың негізінде есептік құжаттаманы ұсыну;

4.3.7. Клиентке мүдделер қақтығысының туындауы мүмкін фактілер туралы, Банк мүдделер қақтығысы туындаған/анықтаған күні мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі туралы белгілі болған күні жазбаша түрде хабарлау. Осы тармақшада көрсетілген хабарламалар Клиентке қолма-қол немесе электрондық байланыстың қорғалған арнасы бойынша электрондық тәсілмен жіберіледі;

4.3.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Клиент туралы мәліметтердің құпиялылығын сақтау (Клиенттің жеке шоты туралы коммерциялық құпияны сақтау), сондай-ақ, Клиенттен алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау;

4.3.9. Осы Клиенттің есебінен және мүддесінде жасалуы болжанатын қаржы құралдарымен мәмілеге қатысты белгіленген шектеулер мен ерекше шарттар туралы Клиентті хабардар ету. Осы тармақшада көрсетілген хабарламалар Интернет-ресурста орналастырылады және (немесе) Клиентке электрондық поштамен немесе осындай хабарламаны жөнелту негізі туындаған күні байланыстың өзге де ықтимал түрлерімен жіберіледі;

4.3.10. Шартқа сәйкес жасалған және оған қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында шектеулер мен ерекше талаптар белгіленген бағалы қағаздармен мәміле туралы уәкілетті органды осындай мәміле жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей хабардар ету;

4.3.11. Клиентке шот (жеке шоттар, қосалқы шоттар) ашылғаны туралы жазбаша хабарламаны осындай шот ашылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Шартқа № 10 қосымшаға сәйкес қолма-қол немесе электрондық байланыстың қорғалған арнасы бойынша электрондық тәсілмен жіберу;

4.3.12. уәкілетті орган Банкке қатарынан күнтізбелік соңғы 12 (он екі) ай ішінде қолданған әкімшілік жазаларды қоспағанда, Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде санкциялар туралы Клиентті хабардар ету. Әкімшілік жаза түріндегі санкциялар бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап қатарынан күнтізбелік соңғы 12 (он екі) ай ішінде Банкке әкімшілік жаза қолдану туралы мәліметтер беріледі.

Осы тармақшада көзделген хабарламалар жазбаша түрде ресімделеді және Клиентке поштамен және (немесе) қолма-қол және (немесе) электрондық поштамен немесе байланыстың өзге де ықтимал түрлерімен жіберіледі және (немесе) Банктің Интернет-ресурсында осындай хабарламаны жөнелту негізі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырылады;

4.3.13. уәкілетті органнан лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы немесе лицензиядан айыру, Шартты бұзу және Клиенттің жеке шотындағы активтерді есептен шығаруға клиенттік тапсырысты Банкке беру қажеттігі туралы тиісті хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Клиентті жазбаша түрде хабардар ету. Осы тармақшада көрсетілген хабарламалар Клиенттің қолына немесе электрондық тәсілмен қорғалған электрондық байланыс арнасы бойынша жіберіледі, сондай-ақ Банктің бас кеңсесінің жайларында және Банктің jusan.kz www мекенжайы бойынша корпоративтік веб-сайтында орналастырылады.

4.4. Банктің құқықтары:

4.4.1. бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша клиенттік тапсырыстарды орындау аясында Клиенттің ағымдағы шотын тікелей дебеттеу жолымен ағымдағы шоттан ақшаны есептен шығару;

4.4.2. Клиент Шартта белгіленген клиенттік тапсырмаларды беру мерзімдерін бұзған жағдайда немесе клиенттік тапсырмаларды Шарттың Қосымшаларында белгіленген нысандар бойынша ресімдемеген жағдайда клиенттік тапсырмаларды орындауға қабылдаудан бас тарту;

4.4.3. Клиент Шарттың 4.1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, бағалы қағаздарды сатып алуға клиенттік тапсырысты орындамау;

4.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда кез келген клиенттік тапсырмаларды орындамау;

4.4.5. Шарт бойынша Банк қызметтерінің тарифтерін өзгерту. Банк Банктің операциялық залдарында немесе Банктің www.jusan.kz ресми Интернет-ресурсында Банк тарифтерінің өзгеруі туралы хабарламаны олар қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей орналастырады. Бұл ретте Клиент Банкке тиісті өтініш беру жолымен Банк көрсететін қызметтерді алудан бас тартуға құқылы. Егер Банк операциялық залдарда немесе Банктің ресми Интернет-ресурсында Банк тарифтерінің өзгеруі туралы тиісті хабарламаны орналастырған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Клиент Банкке Банк көрсететін қызметтерді алудан бас тарту туралы тиісті өтініш бермеген жағдайда, көрсетілген өзгерістерді Клиент қабылдаған болып есептеледі және хабарламада көрсетілген тәртіппен қолданысқа енгізіледі;

4.4.6. Клиенттен қызмет көрсету және Клиент жүргізетін операциялардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкестігін тексеру үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптары бойынша, сондай-ақ Банктің өзінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпаратты сұрату;

4.4.7. Банк Клиенттің сұратуы бойынша соңғысына мынадай қызметтер көрсетуге құқылы:

- 1) Клиентке инвестициялық шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпарат беру;
- 2) бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беру;
- 3) өзге де ықтимал ақпараттық, талдамалық және консультациялық қызметтер;

4.4.8. Банк Шарттың 4.4-тармағының 4.4.7-тармақшасында көрсетілген қызметтерді көрсеткен кезде Банк Клиентке Шартқа сәйкес жасалатын бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша пайда алуға немесе шығындардың болмауына кепілдік бермейді. Бұл ретте Клиент бағалы қағаздар нарығындағы қызметке байланысты жүйелік және жүйесіз тәуекелдердің болу фактісін толық түсінеді және егер Банк Шарттың талаптарын және брокерлік қызметті жүзеге асыруға белгіленген Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамаудан туындамаса, Банк Клиентке келтірілген қандай да бір залал үшін жауапты болмайды;

4.4.9. ҚР қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжатта көзделген жағдайларда, сондай-ақ Банктік қызмет көрсету шартына сәйкес көзделген жағдайларда Клиенттің клиенттік тапсырмасын тоқтата тұру не орындаудан бас тарту.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылған жағдайда, сондай-ақ Банктік қызмет көрсету шартына сәйкес көзделген жағдайларда Клиентпен іскерлік қатынастарды біржақты тәртіппен бұзу.

Құқық қорғау органдарынан немесе осыған уәкілеттік берілген басқа да органдардан тиісті хабарлама алған жағдайда Клиенттің клиенттік тапсырмаларының орындалуын тоқтата тұру немесе орындамау, сондай-ақ ҚР валюталық заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің клиенттік тапсырмасын орындаудан бас тарту;

4.4.10. егер Клиент немесе оның бенефициарлық меншік иесі терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі және Клиенттің жеке шотындағы номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздарды бұғаттау;

4.4.11. Клиент сыйақыны және Шартты орындауға байланысты шығыстарды төлемеген жағдайда, төленбеген соманы Клиенттің ағымдағы шотын тікелей дебеттеу жолымен есептен шығару;

4.4.12. егер Банк қолданыстағы заңнамаға сәйкес осылай әрекет етуге міндетті болса, Клиентке жіберілген кез келген төлемнен (Қазақстан Республикасында бар немесе кез келген басқа ел салатын) салықтардың барлық түрлерін ұстап қалу;

4.4.13. Клиент Шартта белгіленген төлем бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда Клиенттің шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұру;

4.4.14. клиенттік тапсырманы орындаудан бас тарту (орындауға қабылдамау):

- 1) Клиентпен клиенттік тапсырыстың мазмұны бойынша келіспеушіліктер болған кезде;
- 2) бағалы қағаздармен жасалған мәміле/операция Қазақстан Республикасының заңнамасына айқын қайшы келген кезде;
- 3) егер клиенттік тапсырыс берілген бағалы қағаздарға ауыртпалық салынса;
- 4) клиенттік тапсырма дұрыс толтырылмаған жағдайда;
- 5) Клиент клиенттік тапсырмаға Банктің жауапты қызметкерінің алдында қол қоймаған жағдайда, қағаз жеткізгіштегі клиенттік тапсырмадағы қойылған қолдың және (немесе) мөр бедерінің үлгісі (болған кезде) қолдардың үлгілері бар нотариус куәландырған құжатта (оның ішінде клиенттік тапсырмаларға қол қою құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің) немесе жеке тұлғаның (соның ішінде оның өкілінің) жеке куәландыру құжатында көрсетілген қолдарға және (немесе) заңды тұлғаның мөр бедеріне визуалды тұрғыдан сәйкес келмеген кезде.

5. БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ТӨЛЕМ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

5.1. Клиент Шарт бойынша Банк көрсететін қызметтер үшін төлем жүргізеді және Шарттың 5.2-тармағында көзделген тәртіппен Клиент Банкке төлейтін комиссиялық сыйақыны қоспағанда, Банк тиісті шотты және көрсетілген қызметтер актісін ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк тарифтеріне сәйкес Банкке комиссиялық сыйақы төлейді.

5.2. Бағалы қағаздарды сатып алуға/сатуға клиенттік тапсырысты ұсынған кезде (оның ішінде «репо» және (немесе) «кері репо» операцияларын жүргізген кезде) Клиент мәміле үшін қажетті мөлшерде ақша аударумен бір мезгілде Клиенттің жеке шотына бағалы қағаздарды сатып алуға клиенттік тапсырысты орындағаны үшін комиссиялық сыйақы сомасын аударады. Клиент Шартқа қол қою арқылы Клиенттің ағымдағы шотын тікелей дебеттеу арқылы Банктің комиссиялық сыйақы сомасын есептен шығаруға келісім береді.

5.3. Банк ай сайын (эр айдың басында) Клиентке төлемге шот ұсынады, оған мыналар кіреді: (1) Орталық депозитарийдің комиссиясы; (2) «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі — Биржа) және (немесе) орталық контрагент комиссиясы; (3) кастодиан комиссиясы. Клиент төлемді Банк Клиентке шот ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Клиентке ұсынылған шотта көрсетілген Банктің шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырады. Шарттың осы тармағында көзделген комиссиялық сыйақыларды (комиссияларды) төлеу үшін Банк бір мезгілде Орталық депозитарийден, Биржадан және кастодианнан шоттар алынатынына қарай не бір шот, не бірнеше шот ұсынуға құқылы.

5.4. Клиент егер ұсынылған шотты алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ол Банкке осындай шотқа негізделген жазбаша қарсылық білдірмесе, онда осындай шотта көрсетілген барлық қызметтер орындалған және Клиент мақұлдаған болып есептеледі, ал шот түпкілікті, толық және қайтарып алынбай Клиентпен қабылданған және бекітілген болып есептеледі және Шартта көзделген талаптар бойынша төленуге тиіс болады.

5.5. Клиент Клиенттің банктік шоттарынан тиісті сомаларды тікелей дебеттеу арқылы Банктің өзіне тиесілі сыйақыны ұстап қалу құқығына келіседі және оны растайды.

5.6. Банк сыйақысының жалпы сомасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес талап етілетін, шотта жеке бапта көрсетілетін салық немесе басқа да қажетті төлемдер сомасына ұлғайтылуы мүмкін.

5.7. Клиенттік тапсырыстың орындалғанға дейін күші жойылған жағдайда, Клиент Банк шеккен кез келген шығындарды жабуға міндеттенеді.

5.8. Егер Банк Шарт бойынша қызмет көрсету кезінде Банк тарифтерінде және Шартта көзделмеген өзге де шығыстарды жүргізген жағдайда, Клиент Банкке (Банк құжатпен растаған) осындай шығыстарды Банк Клиентке тиісті шот ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өтейді.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Шарттың 4.3-тармағының 4.3.3 және 4.3.4-тармақшаларында көзделген Клиенттің ағымдағы шотына ақша аудару мерзімін бұзғаны үшін Банк Клиентке міндеттемені орындау мерзімі өткен әрбір күн үшін есептеуге жататын соманың 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлейді, бұл ретте өсімпұлдың жалпы сомасы бұзылған міндеттеме құнының 10% (он пайызынан) аспауға тиіс. Клиенттің бағалы қағаздарын сату кезінде Банк Клиенттің бағалы қағаздарын сатып алған үшінші тұлғалардың төлем жасау мерзімі үшін жауап бермейді, алайда Банк Клиентке төлемнің кешіктірілу фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы (болған жағдайда).

6.3. Егер Клиент Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаса және (немесе) тиісінше орындамаса, Банк Шарттың 3-бөлімінде көзделген клиенттік тапсырмаларды орындамағаны үшін Клиент алдында жауапты болмайды.

Банктің Клиенттен Шартқа сәйкес өзі беруге тиіс құжаттар мен ақпараттың өзгеруі туралы мәліметтерді алмауы немесе уақытылы алмауы салдарынан келтірілген залалдар үшін Банк Клиенттің алдында жауапты болмайды.

6.4. Егер бағалы қағаздарды сатып алу/сату кезінде (оның ішінде «автоматты репо» операциясын жүргізу кезінде) Клиент бағалы қағаздарды сатып алуға клиенттік тапсырысты орындағаны үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақы сомасын қамтымайтын бағалы қағаздарды сатып алу үшін қажетті соманы Клиенттің ағымдағы шотына аударған жағдайда, Банктің бағалы қағаздарды сатып алуға осындай клиенттік тапсырысты орындауы шартымен Банк Клиентке тиісті шот ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Клиент комиссиялық сыйақыдан басқа мерзімі өткен әрбір күн үшін комиссиялық сыйақы сомасының 0,1% мөлшерінде Банкке өсімпұл төлейді.

6.5. Клиент Банк ұсынған шот бойынша төлемнен жалтарған немесе төлем мерзімін өткізіп алған жағдайда, Клиент осы шотты алғаннан кейін күнтізбелік 11 (он бірінші) күннен бастап мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін туындаған берешектің 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлейді, сондай-ақ Клиент сауда-саттықты ұйымдастырушы ұсынған сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметтеріне ақы төлеуді кешіктіргені немесе жалтарғаны үшін айыппұлды төлейді. Осы өсімпұл мен айыппұл талап ету құқығы туындаған сәттен бастап Клиенттің ағымдағы шотына түскен сомаларды тікелей дебеттеу арқылы өндіріп алынуы мүмкін.

6.6. Өсімпұл, айыппұл төлеу Тарапты Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Банк келесідей жағдайлардың салдарынан туындаған міндеттемелерді орындамағаны үшін Клиенттің алдында жауап бермейді:

6.7.1. салдарынан Банкте Клиенттің бағалы қағаздарды сатып алуға/сатуға арналған клиенттік тапсырыстарын орындау және/немесе орындаудан алу мүмкіндігі болмаған сауда-саттықты ұйымдастырушылардың жұмысындағы іркілістер;

6.7.2. салдарынан Банкте клиенттік тапсырыстар бойынша бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін жасау мүмкіндігі болмаған сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда-саттықты өткізудің белгіленген кестесін сақтамауы;

6.7.3. Клиенттің жеке шотында тиісті мәмілені жасау және орындау үшін қажетті жеткілікті ақша сомасының және/немесе бағалы қағаздар санының болмауы салдарынан Клиенттің бағалы қағаздарды сатып алуға/сатуға берген тапсырмаларын орындамау;

6.8. Егер мұндай әрекеттер қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданылатын заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ, Банктің пікірі бойынша оған теріс салдары әсер етуі мүмкін Санкциялық режимдерге сәйкес санкциялар мен шектеулерді бұзатын болса, Банк міндеттемелерді орындау бойынша қандай да бір іс-қимыл жасауға ешқандай міндеттемелерді қабылдамайды. Сонымен қатар, егер Банк немесе кез келген басқа тұлға операцияларды өңдеуден бас тартса/тоқтата тұрса, Банк жауап бермейді.

6.9. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарына сәйкес, сондай-ақ Клиентке/Операция қатысушысына/Клиентпен байланысты тұлғаға қатысты Санкциялық режимдерге сәйкес санкциялар немесе шектеулер, теріс сипаттағы ақпарат, Банктің пікірі бойынша Банк үшін кез келген жағымсыз әсер тигізуі мүмкін өзге де жағдайлардың орын алуы немесе орын алу ықтималдығы болған кезде ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту, тоқтата тұру/операцияларды тоқтату, Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату Клиенттің оның контрагенттері алдындағы тиісті шарттарының (міндеттемелерінің) талаптарын бұзғаны үшін осындай бас тарту немесе тоқтата тұру, тоқтату, іскерлік қатынастарды тоқтату салдарынан туындаған залал, оның ішінде жоғалтып алған пайда үшін Банктің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі немесе өзге де жауапкершілігі үшін негіз болып табылмайды.

6.10. Банк Клиенттің өзінің жеке шотына қол жеткізу режимінің құпиялылығын сақтау жөніндегі міндетін бұзуы, сондай-ақ, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне қол жеткізу режимін бұзуы салдарынан Клиентке келтірілген қандай да бір залал үшін жауапты болмайды.

6.11. Банк өзі шығарған қаржы құралдары бойынша бағалы қағаздар эмитенттерінің төлемеуге қатысты іс-әрекеттері үшін, жарияланған, бірақ бағалы қағаздар эмитенті төлемеген дивидендтерді, купондық төлемдерді және қаржы құралдары бойынша өзге де кірістерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Клиент алдында жауапты болмайды. Бұдан басқа, Банк бағалы қағаздар эмитентінің дивидендтер, купондық төлемдер және өзге де кірістер сомасынан салықтарды және есептелген кез келген басқа соманы заңсыз ұстағаны үшін жауапты болмайды.

6.12. Банк Клиентке келтірілген шығындар үшін, егер соңғысы оның кінәсінен болмаса, сондай-ақ, егер бұл еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекетінен туындаған болса, Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды. Бұл ретте міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың қолданылу уақытына мөлшерлес кейінге шегеріледі.

6.13. Клиент өзінің клиенттік тапсырысына сәйкес бағалы қағаздарды өткізген жағдайда, Клиент оларды сату сәтінде (кезеңінде) бағамдық құнның құлау тәуекелін және осыдан туындайтын күтілетін көлемде ақша алмау тәуекелін көтеретіндігімен келіседі.

6.14. Сауда-саттық жүргізілгеннен кейін клиенттік тапсырыстың күші жойылған жағдайда Клиенттің сауда-саттықты ұйымдастырушыға комиссиялық сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемесі сақталады және бұдан басқа, Клиент Банкке клиенттік тапсырысты орындау нәтижесінде шеккен шығыстарды өтеуге міндетті.

6.15. Биржа, Орталық депозитарий, кастодиан және үшінші тұлғалар мәмілелер бойынша контрагенттер (бағалы қағаздарды сатып алу-сату, репо және т. б.) Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына, сондай-ақ, Клиенттің тапсырмасы бойынша жасалған шартқа сәйкес мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын төлеу туралы талаптарды ұсынған жағдайда, егер мұндай орындамау немесе тиісінше орындамау Клиенттің кінәсінен болса, Клиент мәмілені тиісінше орындау және айыппұл санкцияларын төлеу бойынша барлық шығыстарды өтеуге міндетті.

6.16. Берілген құжаттарда (тапсырмаларда) көрсетілген деректемелердің, ақша сомасы мәндерінің және басқа да деректердің дұрыс еместігі үшін Клиент жауапты болады.

7. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

7.1. Егер Шарт бойынша міндеттемелерді орындау немесе тиісінше орындау осындай жағдайлардың әрекетіне сілтеме жасайтын Тарап қандай да бір жолмен болдырмай алмайтын еңсерілмейтін күш жағдайлары әрекетінің салдарынан мүмкін болмаса, Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайларға: дүлей зілзалалар, өрттер, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері, бағдарламалық жасақтаманың жаңылыстары жатады.

7.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсеріне ұшыраған Тарап осындай жағдайлардың басталғаны туралы олар басталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ, осындай жағдайлардың басталғаны туралы куәландыратын құжаттарды растау үшін ұсынуға тиіс. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары немесе өзге де құзыретті ұйымдары берген құжаттар еңсерілмейтін күш жағдайлары басталуының жеткілікті дәлелі болып табылады.

7.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туралы хабарламау не уақытылы хабарламау (Шарттың 7.2-тармағына сәйкес) тиісті Тарапты міндеттемелерді орындамау не тиісінше орындамау негіздемесінде оларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

7.4. Егер Шарттың 7.1-тармағында санамаланған туындаған жағдайлар және олардың салдарлары 2 (екі) айдан астам уақыт бойы жалғаса берсе, Тараптар Шартты орындаудың қолайлы балама тәсілдерін анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

7.5. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары 6 (алты) айдан астам жалғасқан жағдайда, Тараптардың әрқайсысы Шарттың орындалмаған бөлігіне қатысты Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы осы тармаққа сәйкес бұзу нәтижесінде екінші Тарап алдында ешқандай жауапкершілік көтермейді.

8. БАНКТИҢ КЛИЕНТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

8.1. Шарт Тараптарының әрқайсысы Шарт жасау кезінде және Шарт талаптарын орындау барысында Тараптар бір-біріне берген және беретін ақпарат пен мәліметтердің бүкіл көлемін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында рұқсат етілетін шектегі коммерциялық және/немесе қызметтік ақпарат (бұдан әрі — Құпия ақпарат) деп есептеуге келісті.

8.2. Шартқа қатысты ешқандай жария мәлімдемелер, баспасөз хабарламалары, хабарламалар немесе өзге де ақпарат Тараптардың ешқайсысына екінші Тараптың алдын ала келісімінсіз жіберілмейді немесе берілмейді.

8.3. Банк Құпия ақпаратқа ол Шартты орындау үшін қажетті тұлғаларға, олар туралы мәліметтерді Клиент алдын ала жазбаша түрде берген Клиенттің уәкілетті өкілдерін қоса алғанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай ақпаратты алуға уәкілеттік берілген өзге де тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен қол жеткізуді ұсынады.

8.4. Шарттың талаптарын бұза отырып, Тараптардың кез келгені Құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарап шеккен залалдарды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.5. Банк уәкілетті органның, тіркеушінің, Орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша бағалы қағаздары Банктің номиналды ұстауында болатын Клиент туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті. Шартқа қол қою арқылы Клиент Банктің осындай мәліметтерді беруіне келісім береді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша және/немесе оған байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық дауларды және/немесе келіспеушіліктерді Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.

9.2. Дауларды және/немесе келіспеушіліктерді келіссөздер жүргізу жолымен күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде реттеу мүмкін болмаған жағдайда, дау туындаған сәттен бастап даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген сот тәртібімен Банктің орналасқан жері бойынша шешіледі.

10. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ

10.1. Шарт оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады.

10.2. Шарттың келесідей жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін:

1) басқа Тарапты болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабардар ету жолымен Тараптардың бірінің бастамасы бойынша;

2) Тараптардың келісімі бойынша;

3) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға Банк лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған немесе ол қайтарып алынған жағдайда, Тараптардың бірінің бастамасы бойынша;

4) Банк заңды тұлға ретінде таратылған жағдайда;

5) еңсерілмейтін күш жағдайларына байланысты;

6) екінші Тарап Шарттың талаптарын орындамаған кезде;

7) жеке шотты жабу бұйрығының негізінде;

8) 12 (он екі) ай ішінде Клиенттің жеке шоты бойынша бағалы қағаздармен мәмілелер және операциялар болмаған жағдайда, сондай-ақ, Клиенттің жеке шотында бағалы қағаздар мен ақша болмаған кезде;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша.

10.3. Егер Шарт тоқтатылса, бұл кез келген мәмілеге немесе туындауы мүмкін заңды құқықтар мен міндеттерге әсер етпейді. Орындалу барысындағы мәмілелерді Шарт тоқтатылған күні Банк қабылданған клиенттік тапсырмалар негізінде аяқтауға тиіс.

10.4. Клиенттің таратылуы Банк Клиенттің таратылуы туралы хабарлама алғанға дейін Шартты тоқтатпайды.

10.5. Шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде Клиенттің активтері (бағалы қағаздары мен ақшасы) мынадай тұлғаларға беріледі:

- 1) Егер Клиенттің бағалы қағаздары мен ақшасын алуға құқығы бар өзге тұлға көрсетілмесе, Клиентке (Клиент берген деректемелер бойынша);
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен заңды тұлғаның құқықтық мирасқорларына;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен мұрагерлерге (мирасқорларға).

10.6. Шартты бұзу сәтінде Клиенттің жеке шотындағы Клиенттің ақшасы мен бағалы қағаздары Банктің сыйақы сомасын және Шарт шеңберінде келтірілген шығыстарды және Клиенттің бағалы қағаздары мен ақшасын Клиенттің өзге шотына аудару кезінде Банк шеккен кез келген шығыстарды шегере отырып, Шарт бұзылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарылуға тиіс.

10.7. Тараптардың кез келгені Шартты тоқтату күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей бұл туралы екінші Тарапқа алдын ала жазбаша хабарлай отырып, кез келген уақытта және кез келген негіз бойынша Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

10.8. Өзара міндеттемелер болмаған кезде Шарттың қолданылуы Шарттың 10.7-тармағына сәйкес Шарттан бас тарту туралы хабарламада көрсетілген күні тоқтатылады.

10.9. Шарт шеңберінде бұрын жасалған мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелер болған кезде осындай мәмілелерді Банк Шарттың 10.3-тармағына сәйкес аяқтауға тиіс.

10.10. Егер Шарттың қолданылуы тоқтатылған сәтте номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі Клиенттің жеке шотында және тиісінше Орталық депозитарийдің/шетелдік депозитарийдің немесе кастодиан банкінің есепке алу жүйесіндегі Клиенттің қосалқы шотында Клиентке тиесілі бағалы қағаздар және/немесе ақша болған жағдайда, Банк Клиентке осындай бағалы қағаздарды және/немесе ақшаны Шарттың тоқтатылу күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиенттің деректемелері бойынша қайтарады.

10.11. Банктің Клиенттің бағалы қағаздарын және/немесе ақшасын қайтаруы бойынша шығыстарын Клиент көтереді.

10.12. Банк Шартқа № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Клиент жасайтын Клиенттің жеке шотын жабуға клиенттік бұйрықты алған немесе Клиенттің жеке шотында соңғы 12 (он екі) ай ішінде бағалы қағаздар болмаған немесе Банк лицензиядан айырылған жағдайда активтерді Клиентке қайтарған жағдайда, Банк номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шотты жабу операциясын және Орталық депозитарийдің/шетелдік депозитарийдің немесе кастодиан банкінің есепке алу жүйесінде қосалқы шотты жабу операциясын жүргізеді. Бұл ретте Банк Клиентке жазбаша хабарлама жібереді.

10.13. Шарт бұзылған жағдайда Клиент Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиенттің бағалы қағаздары мен ақшасы жіберілуге тиіс деректемелерді жазбаша түрде беруге міндеттенеді.

11. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕ

11.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың үлестес тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары:

11.1.1. қандай да бір заңсыз артықшылықтарға ие болу немесе басқа да заңсыз мақсаттарға жету ниетімен кез келген тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін ондай тұлғаларға ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуге ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді;

11.1.2. Шарттың мақсатында қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасымен пара беру/алу, коммерциялық паралау ретінде қарастырылатын әрекеттерді және Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы күрес аясындағы заңнамасының талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды.

11.2. Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін/өкілдерін қандай да бір әдіспен ынталандырудан, соның ішінде, ақшалай қаражатты, сыйлықтарды ұсынудан, оларға жұмыстарды (қызметтерді) тегін орындаудан (көрсетуден) және қызметкерді белгілі бір тәртіпте тәуелді ететін және осындай қызметкердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған, осы бөлімде тізімделмеген басқа да әдістермен ынталандырудан бас тартады.

11.3. Оны ынталандыратын Тараптың пайдасына орындалатын қызметкердің әрекеттері келесідей әрекеттерді білдіреді:

11.3.1. басқа контрагенттерге қарағандағы негізсіз артықшылықтарды ұсыну;

11.3.2. қандай да бір кепілдіктерді ұсыну;

11.3.3. ағымдағы рәсімдерді жылдамдату;

11.3.4. өзінің қызметтік міндеттерінің аясында қызметкердің тарапынан орындалатын, бірақ, Тараптардың арасындағы қарым-қатынастардың ашықтық қағидаларына қайшы келетін әрекеттер.

11.4. Белгілі бір Тарапта сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылғаны немесе бұзылуы мүмкін жайындағы күмән туындаған жағдайда, тиісті Тарап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде басқа Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Жазбаша хабарламадан кейін тиісті Тарап бұзушылықтың орын алмағаны немесе алмайтыны расталмағанша Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтата тұруға құқылы. Бұл растама жазбаша хабарламаны жолдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде жіберілуге тиіс.

12. ӨЗГЕ ШАРТТАР

- 12.1. Тараптардың бірі қайта ұйымдастырылған (заңды тұлға болып табылатын Тарапқа қатысты қолданылады)/жеке тұлға болып келетін Клиент қайтыс болған жағдайда Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттер оның құқықтық мирасқорына толық көлемде өтеді.
- 12.2. Шарттың 13-бабында көрсетілген Клиенттің деректемелері өзгерген кезде Клиент Банкке осындай өзгерістер туындаған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде барлық өзгерістер туралы жазбаша хабарлама жібереді.
- 12.3. Шартта тікелей көзделмеген қалған барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, сондай-ақ, Банктің Брокерлік және дилерлік қызметін жүзеге асыру қағидаларын басшылыққа алады.
- 12.4. Шартқа барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар олар жазбаша нысанда жасалған, Тараптар қол қойған және Тараптардың мөрлерімен (заңды тұлға болып келетін Тараптардың жағдайында бар болса) бекітілген жағдайда ғана жарамды болады.
- 12.5. Шартта сілтемелері бар барлық Қосымшалар және Шартқа қосымша келісімдер оның ажырамас бөлігі болып табылады.
- 12.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар күшіне енген жағдайда, Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.
- 12.7. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз құқықтарын және/немесе міндеттемелерін үшінші тұлғаларға табыстауға және/немесе беруге құқылы емес.
- 12.8. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды, олардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар: біреуі Клиентте, екіншісі Банкте болады. Шарттың мемлекеттік тілдегі мәтіні орыс тіліндегі мәтінге сәйкес келмеген жағдайда Тараптар Шартты орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.
- 12.9. Осымен Клиент Шарт бойынша Клиент берген және болашақта беруге тиіс дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты (оның ішінде Клиенттің уәкілетті тұлғалары мен өкілдері бойынша), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындаған өзге жағдайларда Клиент өзі ұсынған дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің оларды жинауына және өңдеуіне, егер мұндай табыстауға Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған немесе шектеу қойылмаған болса, берілетін дербес деректерді тиісті шет мемлекеттің қорғауын қамтамасыз етуіне қарамастан, дербес деректерді шекарааралық табыстауға алдын ала келісімді алғанын растайды.
- 12.10. Банк анықтайтын қажеттілік туындаған жағдайда, Клиент Банкке дербес деректер субъектілерінен Клиент жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, оларды Банктің жинауға және өңдеуге, шекарааралық табыстауға келісімдерінің бар екендігіне құжаттамалық растауды ұсынады.
- 12.11. Жоғарыда көрсетілген келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Клиент Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

12.12. Жеке тұлға болып келетін Клиент Банкке Банктің өзі туралы ақпаратты, соның ішінде өзінің дербес деректерін (тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке куәландыру құжатының деректері, байланыс деректері, тұрғылықты мекенжайы), соның ішінде биометриялық, электронды, қағаз және кез келген басқа тасымалдағышта тіркелген ақпаратты, сондай-ақ, оның дербес деректерінің Банк тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескерумен таратылуы шартымен Банкпен, өзгесімен бірге, банктік және (немесе) өзге қызмет көрсетуді қоса қызмет көрсетуге байланысты кез келген құқық қатынастарының туындауына, соның ішінде болашақта туындауына байланысты ондағы болашақта орын алатын өзгерістер мен толықтыруларды жинауына, өңдеуіне, сақтауына және үшінші тұлғаларға (дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратусыз) таратуына (соның ішінде табыстауына), олардың шекарааралық табысталуына шартсыз әрі қайтарылмайтын келісімін береді. Осы келісім Шартқа қол қою сәтінен бастап, дербес деректер субъектісі келісімді жазбаша түрде қайта шақырмағанша (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның қайта шақыртылуы мүмкін емес болған жағдайларды қоспағанда) күшінде болады.

13. ҚОСЫМШАЛАР

- 13.1. Шартқа № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке шотты ашуға/жеке шотты жабуға/клиент туралы мәліметтерді өзгертуге клиенттік бұйрық.
- 13.2. Шартқа № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздарды сатып алуға/сатуға клиенттік тапсырыс.
- 13.3. Шартқа № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша «репо» және (немесе) «кері репо» операцияларына клиенттік тапсырыс.
- 13.4. Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы құралдарын есептен шығаруға/есептеуге клиенттік бұйрық.
- 13.5. Шартқа № 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы құралдарына бұғаттау/бұғаттан шығару/ауыртпалықтар/ауыртпалықтарды алу операцияларын тіркеуге клиенттік бұйрық.
- 13.6. Шартқа № 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік құжаттарды беруге клиенттік бұйрық.
- 13.7. Шартқа № 7 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Клиенттің Банкке Клиенттің жеке шотын ашу үшін ұсынатын құжаттарының тізбесі.
- 13.8. Шартқа № 8 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке шоттан үзінді.
- 13.9. Шартқа № 9 қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттік тапсырыстың орындалуы туралы есеп.
- 13.10. Шартқа № 10 қосымшаға сәйкес нысан бойынша шоттарды ашу туралы хабарлама.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ, БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ

**Банк: «First Heartland Jusan Bank»
акционерлік қоғамы**

Клиент:

Заңды мекенжайы:
А26F8T9, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй
Тел.: +7 (727) 3312604,
Факс +7 (727) 3312603
БСК: TSESKZKA
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
РММ-дегі ЖСК KZ48125KZT1001300336
БСН: 920 140 000084
Уәкілетті тұлға

Т.А.Ә.

20_ жылғы «__» _____
 № _____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 1 қосымша
 нысан

Күні _____

**Жеке шотты ашуға/жеке шотты
 жабуға/клиент туралы мәліметтерді
 өзгертуге**

КЛИЕНТТІК БҰЙРЫҚ

Операция түрі

- Жеке шотты ашу
 Шот деректемелерін өзгерту
 Жеке шотты жабу

заңды тұлға жағдайында: Клиенттің толық атауы жеке тұлға жағдайында: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Заңды тұлғаның орналасқан жері/ жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы	
Пошта мекенжайы	
Байланыс мәліметтері (телефон, E-mail)	
Мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы мәліметтер (заңды тұлға жағдайында)	
Құжат түрі	
Нөмірі	
Берілген күні	
Құжатты берген орган	
Берілген жері	
Клиент туралы мәліметтер (жеке тұлға жағдайында)	
Жеке куәландыру құжатының атауы және деректемелері	
Туған күні	
Азаматтығы	
Салық жеңілдіктерінің болуы	
<input type="checkbox"/> Иә <input type="checkbox"/> Жоқ	Негіздемесі:
Резиденттік белгісі	
Экономика секторы	
Банк деректемелері	
Қабылдаушы	
Банктің атауы	
БСН/жеке тұлға жағдайында ЖСН	
ЖСК	
БСК	
Бек	

Бірінші жетекші

ТАӘ, лауазымы

*қолы, м.о. (бар болса)**Банк құжатты қабылдаған кезде толтырады*

Бұйрықтың нөмірі	
Қабылдау күні	
Қабылдау уақыты	
Бұйрықты қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә.	

20_ жылғы «__» _____
 № _____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 2 қосымша
 нысан

Күні _____

**Бағалы қағаздарды сатып алуға/сатуға
 КЛИЕНТТІК ТАПСЫРЫС**

САТЫП АЛУ

САТУ

Клиент туралы мәліметтер <i>(Толық атауы/ТАӘ)</i>	Жеке шот № _____
	<i>Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы деректері (түрі, нөмірі, берілген күні және құжатты берген орган)/ Жеке тұлғаның жеке куәландыру құжатының атауы және деректемелері және/немесе ЖСН</i>
<input type="checkbox"/> Бастапқы нарық (аукцион) <input type="checkbox"/> Қайталама нарық	<input type="checkbox"/> Ұйымдастырылған нарық <input type="checkbox"/> Ұйымдастырылмаған нарық
БҚ түрі	
Бағалы қағаздар эмитентінің атауы	
Сәйкестендіру нөмірі (ISIN)	
Табыстылық, жылдық % (қолданылса)	
Бағасы: <input type="checkbox"/> таза <input type="checkbox"/> кір	
Бағалы қағаздардың саны	
Мәміленің жалпы сомасы, валютасы	
Клиенттік тапсырыстың типі	<input type="checkbox"/> лимиттік тапсырыс
	<input type="checkbox"/> нарықтық тапсырыс
	<input type="checkbox"/> буферлік тапсырыс
Орындау мерзімі/күні	
Банк ұсынысының болуы	

Бірінші жетекші

 ТАӘ, лауазымы

 қолы, м.о. (бар болса)

Банк құжатты қабылдаған кезде толтырады

Клиенттік тапсырыстың нөмірі	
Қабылдау күні	
Қабылдау уақыты	
Клиенттік тапсырысты қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә.	

Банк толтырады:

<input type="checkbox"/> Орындалды	<input type="checkbox"/> Орындалмады
Ескертпе:	

20_ жылғы «_» _____
 № _____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 3 қосымша
 нысан

Күні _____

**«Репо» және (немесе) «кері репо» операцияларына
 КЛИЕНТТІК ТАПСЫРЫС**

ОРНАЛАСТЫРУ (кері репо)

ТАРТУ (тікелей репо)

<input type="checkbox"/> Орталық контрагентпен сауда-саттық	
<input type="checkbox"/> Орталық контрагентсіз сауда-саттық	
Клиент туралы мәліметтер	Жеке шот № _____
<i>(Толық атауы/ТАӘ)</i>	<i>Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы деректері (түрі, нөмірі, берілген күні және құжатты берген орган)/ Жеке тұлғаның жеке куәландыру құжатының атауы және деректемелері және/немесе ЖСН</i>
Эмитенттің атауы	
Қаржы құралының түрі	
ISIN	
Репо операциясының ашылу күні	
Репо операциясының жабылу күні	
Бағалы қағаздардың саны, дана	
Табыстылық, жылдық %	
Шамамен ашылу көлемі, теңге	
Клиенттік тапсырыстың типі	<input type="checkbox"/> лимиттік тапсырыс
	<input type="checkbox"/> нарықтық тапсырыс
	<input type="checkbox"/> буферлік тапсырыс
Орындау мерзімі/күні	
Брокер-дилер ұсынысының болуы	

Бірінші жетекші

 ТАӘ, лауазымы

 қолы, м.о. (бар болса)

Банк құжатты қабылдаған кезде толтырады

Клиенттік тапсырыстың нөмірі	
Қабылдау күні	
Қабылдау уақыты	
Клиенттік тапсырысты қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә.	

Банк толтырады:

<input type="checkbox"/> Орындалды	<input type="checkbox"/> Орындалмады
Ескертпе:	

20_ жылғы «__» _____
 № _____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 4 қосымша

Бірінші жетекші

ТАӘ, лауазымы

қолы, м.р. (бар болса) _____
 Күні _____
 нысан

Банк құжатты қабылдаған кезде **Қаржы құралдарын есептен шығаруға/есептеуге**
 Клиент туралы мәліметтер **КЛИЕНТТІК БҰЙРЫҚ**

Клиенттік тапсырыстың нөмірі	Жеке шот № _____
Қабылдау күні	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу
Қабылдау уақыты	туралы деректері (түрі, нөмірі, берілген күні
Клиенттік тапсырысты қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә.	және құжатты берген орган)/ Жеке тұлғаның жеке куәландыру
	құжатының атауы және деректемелері және/немесе ЖСН
Мәміле түрі	Мәміле типі
<input type="checkbox"/> бағалы қағаздарды есептен шығару	<input type="checkbox"/> номиналды ұстауды ауыстырусыз
<input type="checkbox"/> бағалы қағаздарды есептеу	<input type="checkbox"/> номиналды ұстауды ауыстырумен
Аударым параметрлері	
Эмитенттің атауы	
Қаржы құралының түрі	
ISIN	
Бағалы қағаздардың саны	
Бағасы, дана	
Көлемі	
Валютасы	
Контрагент туралы мәліметтер	
Толық атауы	Мемлекеттік тіркеу туралы деректер (түрі, нөмірі, берілген күні және құжатты берген орган)
Контрагенттің брокері	
Жеке шот	№ _____

Банк толтырады:

<input type="checkbox"/> Орындалды	<input type="checkbox"/> Орындалмады
Ескертпе:	

20_ жылғы «__» _____
 №_____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 5 қосымша
 нысан

Күні _____

**Қаржы құралдарына бұғаттау/бұғаттан шығару/ауыртпалықтар/ауыртпалықтарды
 алу операцияларын тіркеуге
 КЛИЕНТТІК БҰЙРЫҚ**

Клиент туралы мәліметтер	Жеке шот № _____
<i>Толық атауы/ТАӘ</i>	<i>Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы деректері (түрі, нөмірі, берілген күні және құжатты берген орган)/ Жеке тұлғаның жеке куәландыру құжатының атауы және деректемелері және/немесе ЖСН</i>
Операция күні	____/____/____
<input type="checkbox"/> Бұғаттау	<input type="checkbox"/> Бұғаттан шығару
<input type="checkbox"/> Ауыртпалық	<input type="checkbox"/> Ауыртпалықты алу
Операция параметрлері туралы мәлімет	
Эмитенттің толық атауы және БҚ түрі	
ҰСН / ISIN	
Бағалы қағаздардың саны	
Бір бағалы қағаздың бағасы, дана	
Көлемі	
Валютасы	

Бірінші жетекші

 ТАӘ, лауазымы

 қолы, м.о. (бар болса)

Банк құжатты қабылдаған кезде толтырады

Клиенттік тапсырыстың нөмірі	
Қабылдау күні	
Қабылдау уақыты	
Клиенттік тапсырысты қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә.	

Банк толтырады:

<input type="checkbox"/> Орындалды	<input type="checkbox"/> Орындалмады
Ескертпе:	

20_ жылғы «__» _____
 №_____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 6 қосымша
 нысан

Күні _____

**Есептік құжаттарды беруге
 КЛИЕНТТІК БҰЙРЫҚ**

Клиент туралы мәліметтер	Жеке шот №_____
Толық атауы/ТАӘ	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы деректері (түрі, нөмірі, берілген күні және құжатты берген орган)/ Жеке тұлғаның жеке куәландыру құжатының атауы және деректемелері және/немесе ЖСН
Есептік құжаттың типі (қажеттісін белгілеу керек)	
<input type="checkbox"/> Бағалы қағаздарды және басқа қаржы құралдарын есепке алу бойынша жеке шоттан үзінді	<input type="checkbox"/> Бағалы қағаздарды және басқа қаржы құралдарын есепке алу бойынша жеке шот бойынша жүргізілген операциялар туралы есеп
Есептік құжат бойынша қосымша ақпарат	
_____/_____/_____ (үзінді жасалатын күн)	_____/_____/_____ бастап (есеп кезеңінің басы)
	_____/_____/_____ дейін (есеп кезеңінің аяғы)

Уәкілетті тұлға

 ТАӘ, лауазымы

 қолы, м.о. (бар болса)

Банк құжатты қабылдаған кезде толтырады

Клиенттік тапсырыстың нөмірі	
Қабылдау күні	
Қабылдау уақыты	
Клиенттік тапсырысты қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә.	

20_ жылғы «__» _____
 № _____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 7 қосымша

Клиенттің Банкке Клиенттің жеке шотын ашу үшін ұсынатын құжаттарының тізбесі

1. Бекітілген нысанға сәйкес жеке шот ашуға бұйрық (1-қосымша);
2. Бағалы қағаздар және (немесе) номиналды ұстау бойынша брокерлік қызметтер көрсету туралы шарт;
3. Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының жағдайында:
 - 1) жарғының көшірмесі (бар болса);
 - 2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің көшірмесі;
 - 3) жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге арналған құжаттарға қол қою құқығына ие заңды тұлға өкілдерінің нотариус куәландырған қол үлгілері бар, келесідей мәліметтерді қамтитын құжат:
 - номиналды ұстаушының атауы;
 - құжатқа қол қою құқығын беретін номиналды ұстаушының клиент заңды тұлғасының атауы;
 - номиналды ұстаушы клиенті өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке басын куәландыратын құжат деректері;
 - осы құжаттағы қолдардың үлгілері номиналды ұстау жүйесінде ашылған клиенттің жеке шоты бойынша барлық операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналатыны туралы ақпарат;
4. Қазақстан Республикасының бейрезидент заңды тұлғаларының жағдайында:
 - 1) жарғының көшірмесі (бар болса);
 - 2) бейрезидент мемлекеттің уәкілетті органы берген заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
 - 3) қол қою үлгілері бар құжат (оның ішінде клиенттік тапсырыстарға, жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге арналған құжаттарға қол қою құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің қолдары);
 - 4) заңды тұлға өкілінің брокерлік шартқа және жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге арналған өзге де құжаттарға қол қою, сондай-ақ, өзге де әрекеттерді жүзеге асыру өкілеттігін растайтын заңды тұлғаның уәкілетті органының сенімхаты немесе шешімі.
5. Жеке тұлғалар жағдайында:
 - 1) жеке куәландыру құжатының көшірмесі немесе цифрлық құжаттар сервисінен жеке куәлік деректері (сәйкестендіру үшін);
 - 2) жеке тұлға болып келетін клиенттің салық резиденттілігін растайтын құжат (бар болса).

20_ жылғы «__» _____
 №_____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 8 қосымша
 нысан

Күні _____

20__ жылғы _____ жай-күйге қарай № _____ жеке шотынан үзінді, уақыты _____

Үзінді күні _____

Уақыты _____

Бағалы қағаздарды ұстаушы туралы мәліметтер:

Бағалы қағаздарды ұстаушының — заңды тұлғаның/жеке тұлғаның атауы

Бағалы қағаздарды ұстаушының – заңды тұлғаның мемлекеттік (қайта) тіркеу нөмірі және күні / жеке тұлғаның ЖСН

№	Эмитенттің немесе инвестициялық пай қорының және осы қордың инвестициялық портфелін	Эмитенттің немесе инвестициялық пай қорының инвестициялық портфелін басқарушының орналасқан жері	Бағалы қағаздардың түрі және ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе қаржы құралдарының өзге де сәйкестендіргіші	Облигациялардың (ислам бағалы қағаздарын) өтеу күні	Жеке шотта, оның ішінде бөлімдерде тіркелген бағалы қағаздардың жалпы саны:					Эмитенттің өкіміне сәйкес көрсетілген қосымша мәліметтер
					негізгі	бұғат тау	репо	пайда сына ауырт палық салын ған тұлға	өзгесі	

ТАӘ, қолы

Уәкілетті тұлға

ТАӘ, лауазымы

қолы, м.о. (бар болса)

20_ жылғы «_» _____
 № _____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 9 қосымша
 нысан

Күні _____

Клиенттік тапсырыстың орындалуы туралы есеп (сатып алу/сату)

Клиент туралы мәліметтер <i>Толық атауы/ТАӘ</i>	Жеке шот № <i>Клиенттің жеке шот нөмірі</i>
--	--

Клиенттік тапсырыстың нөмірі және күні	Мәміле түрі (сатып алу/сату)	Эмитенттің атауы	Бағалы қағаздың ISIN	Мәміле жасау күні	Мәмілені валюталау күні	Бар болуы кезінде сатушы купоны	Саны	Бағасы	Мәміле көлемі	Мәміле валютасы	Брокердің комиссиясы, теңге

Орындаған:

 ТАӘ, қолы

Уәкілетті тұлға

 ТАӘ, лауазымы

 қолы, м.о. (бар болса)

Күні _____

Клиенттік тапсырыстың орындалуы туралы есеп (РЕПО операциялары)

Клиент туралы мәліметтер <i>Толық атауы/ТАӘ</i>	Жеке шот № <i>Клиенттің жеке шот нөмірі</i>
--	--

Клиенттік тапсырыстың нөмірі және күні	РЕПО типі (кері/тікелей)	Бағалы қағаздың ISIN	РЕПО ашылған күні	РЕПО жабылған күні	Саны (дана)	Ашылған бағасы	Жабылған бағасы	Ашылған көлемі	Жабылған көлемі	Валюта	Брокердің комиссиясы, теңге

Орындаған:

ТАӘ, қолы

Уәкілетті тұлға

*ТАӘ, лауазымы*_____
қолы, м.о. (бар болса)

20_ жылғы «__» _____
 № _____ бағалы қағаздар және
 (немесе) номиналды ұстау
 бойынша брокерлік қызметтер
 көрсету туралы шартқа
 № 10 қосымша
 нысан

Күні _____

Шоттарды ашу туралы хабарлама

Осымен «Jusan Bank» АҚ сізге бұйрығыңыздың орындалғаны туралы хабарлайды:

Бұйрық күні:	____/____/_____
Орындалды. Сіздің атыңызға ашылды:	
Бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын (ақшадан басқа) есепке алуға және сақтауға арналған номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шот;	№
Клиенттің ақшасын есепке алуға және сақтауға арналған номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шот;	
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ есепке алу жүйесіндегі Клиенттің қосалқы шоты.	№

Орындаған:

 ТАӘ, қолы

Уәкілетті тұлға

 ТАӘ, лауазымы

 қолы, м.о. (бар болса)